| | Тәрбиеші<br>Хат аюдан келіпті , ол Машаға тағамдар жайлы білетіндерінді үйретсеңдер депті, әйтпесе оның тоңазытқышында ылғи тәтті тағамдар ,Маша оны жеп тісі ауырып жатқанын айтыпты<br>Тәрбиеші жалпы тағамдар жайлы ,қалай дұрыс тамақтану жайлы не білеміз ,Машаға үйретейік пе балалар? | Балалар тәрбиешінің әңгімесін мұқият тыңдайды.<br>Теледидардан Машаның тоңазытқышын көреді<br><br><br>Балалар көмек көрсетуге келіседі |
| Ұйымдастырушылық ізденістік | Тәрбиеші балалардың назарын тақтаға аударады<br>Тағамдардың аттарын атайық<br><br>- Ал сүтті қандай ыдыста пісіреді?<br>-Тамақты пісіруге, қуыруға арналған ыдыстар қандай заттан жасалады?<br>- Неліктен олай ойлайсыңдар, мүмкін шыны, пластмасса ыдысқа да тамақ пісіретін шығар.<br>-Дұрыс айтасыңдар, балалар, тамақты металл, алюминий немесе сырты сырланған темір ыдыстарда ғана пісіруге болады екен. Түлкі, тырна сендер түсіндіңдер ме? (*Екеуі түсінгендіктерін білдірді*).<br>- Ал дайын болған сорпасы бар тамақты қандай ыдысқа құямыз?<br>- Салатты қандай ыдысқа саламыз?<br><br>- Нанды қандай ыдысқа саламыз? | Балалар назарларын тақтаға аударады<br>Тағамдардың аттарын жеке, хормен бірнеше рет қайталайды<br>-посуда<br><br>- Сорпасы бар сұйық тамақты кастрөлге пісіргенін көрдік.<br>-Шұңғыл.<br>- Металдан, темірден жасалған.<br>- Табаға қуырады.<br><br>- Балықты қуырады, етті қуырады, орамжапырақты бықтырады.<br>- Шұңғыл кастрөлде пісіреді.<br>- Металдан, алюминийден.<br><br>- Шыны, ыдыстар сынып қалуы мүмкін, ал пластмасса еріп кетеді.<br>Балалар дұрыс |

| | | |
|---|---|---|
| | - Тамақты немен ішеміз?<br>- Салатты немен жейміз?<br>- Нанды немен тураймыз?<br>Асты сендерге аспазшы даярлайды ас даярлауға, тамақ ішуге және шай ішуге арналған ыдыстар болып бөлінетіндігі жайлы ақпарат береді.<br><br>***Сергіту сәті.***<br>**«Кім бірінші»** ойыны:<br>Тәрбиеші балаларды *екі командаға бөледі.*Ойын шарты бойынша *бірінші* түлкінің командасының балаларына жайпақ ыдыстарды, *екінші* тырнаның командасының балаларына шұңғыл ыдыстарды топтастыру ұсынылады. Түлкі мен тырна балалармен бірге ойынға қатысады.<br>. Тәрбиеші балаларға түлкі мен тырнаға тамақ пісіру кезіндегі қауіпсіздік сақтаудың ережесін түсіндіру керектігін айтады. Түлкі мен тырна қонақ күтуге дайындық жасайтындарын айтып қоштасады | жауаптарды жеке ,хормен бірнеше рет қайталайды.<br><br><br><br>- Сұйық тамақты шұңғыл тәрелкеге құямыз.<br>- Салат салуға арналған шыны ыдыстарға.<br>- Арнайы нан салатын ыдысқа.<br>- Қасықпен.<br>- Шанышқымен.<br>- Пышақпен.<br><br>Балалар қойылған сұрақтарға жеке жауаптар береді.<br><br>Бой жазады<br>Балалар түлкі мен тырнаға көмектесіп, ыдыстарды топтастырады.<br>Топтастырған ыдыстары туралы айтып береді.<br>Ойын аяқталғаннан кейін топтастырылған ыдыстарды түлкі мен тырнаға береді.<br>тамақ пісіру кезінде сақталатын қауіпсіздік ережесін айтып береді.<br>-сау болыңыздар |
| Рефлексиялық түзетушілік | Тәрбиешібалалардан алған әсерлерін, көңіл күйлерін, немен айналысқандарын, не үйренгендерін сұрайды. | Балалар өз жұмыстарынан үлкен әсер алады.<br>Балалар өз ойларын |

| | | |
|---|---|---|
| | -Біз кімдерге көмек көрсеттік?<br>-оларға не үйреттік?<br>-қауіпсіздік ережесін сақтау қажет пе?<br>-Олар риза болды ма?<br>-Жарайсыңдар балалар! | айтады.<br>-Түлкі мен тырнаға<br>-тамақ пісіруді<br>Балалардың жауабы<br>-Бізге риза болып, рахмет айтты |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Тамақ пісіруге және ішуге арналған ыдыстар мен құралдарды салыстырмалы түрде сипаттап айтып беруді; ертегі кейіпкерлерінің адамгершілік қасиеттерін талқылауды.
**Игереді:** Тамақ пісіруге, ішуге арналған ыдыстар мен құралдардың алуан түрлі болатынын; асхана ыдыстарының металдан жасалғандығын.
**Меңгереді:** ЫдыС- аяқтармен асхана құралдарын топтастыруды; дастарқан мәзірін жасауды; ыдыстарды сақтау ережелерін.

**T00037 15.12.2020**

## Ғажайып математика

**КУРМАНГАЛИЕВА АЙНАШ ЕРБОЛОВНА**
*ШҚО, Өскемен қаласы № 15 «Рахат» КМКҚ*
*балабақша-бөбекжайының тәрбиешісі*

**Күні:** 08.12.20
**Топ:** Балғын (4-5 ересек)
**Уақыты:** 10.00-10.25
**Білім беру саласы:** Таным
**ҰОҚ:** Қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру.
**Тақырыбы:** «Ғажайып математика»
**Мақсаты:** 5 көлемінде сандық есептеуге үйрету. Сандарды тура және кері санау. Балалардың тілдерін дамыту жұмыстарын жалғастыру. Геометриялық пішіндер жайында ұғымдарын тиянақтап, балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.
**Құрал-жабдықтар:** Кілемше, пішіндер, суреттер, смайликтер, жүрекшелер, шарлар, сандары бар ыдыстар.
**Тілдің үштұғырлығы:** Бір, екі, үш, төрт, бес-один, два, три, четыри, пять.One, two, three, four, five.

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Себепті қызығушылығын ояту кезеңі | Қонақтармен амандасу<br>Жылулық шеңбері:<br>Бәріміз енді тұрайық<br>Үлкен шеңбер құрайық<br>Жақсы-жақсы сөздерді<br>Қонақтарға сыйлайық!<br>Табиғат біздің анамыз<br>Табиғатқа баламыз<br>Иіліп сәлем береміз<br>Біз әдепті баламыз.<br>Қане, балалар жүрегімізден шығарып жылы сөздер айтайықшы.<br>Кәне балалар, осы айтқан жылы лебіздерімізді апайларға сыйлайықшы | Сәлеметсіздер ме?<br><br>Балалар қимылмен көрсетеді.<br><br>Аспанымыз ашық болсын,<br>Ауырмайық.<br>Бейбітшілік болсын.<br>Ата-анамыз аман болсын!<br>Балабақша гүлдене берсін!<br><br>Балалар қолдарындағы жүрекшелерді қонақтарға береді. |
| Себепті қызығушылығын ояту кезеңі<br>Ұйымдастырушылық-ізденіс кезеңі | Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыс айларын атайықшы.<br>Қыста ауа райында қандай өзгерістер болады?<br><br>Ғажайып сәт:<br>Қолында шарлары бар Аю билеп кіреді.<br>Аю:<br>-Сәлеметсіңдер ме, балалар! Осы жер «Ғажайып білім әлемі ме?»<br>Ия, Аю дұрыс таптың, бұл жерде тек білімді | Қыс мезгілі.<br><br>Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан<br><br>Күн суытады, қар жауады,<br>Мерекелер өтеді.<br>Жануарлар қысқы ұйқыға кетеді.<br><br>Балалар таңырқай қарайды.<br><br>Сәлеметсіз бе, Аю |

| | | |
|---|---|---|
| | балалар ғана болады.<br>Аю: Мен Маша қыздың туған күніне кетіп бара жатырмын. Жолда түлкі кезігіп.<br>«Ғажайып білім әлеміне» барып, мына менің түрлі түсті шарларымның ішіндегі тапсырмаларын білімді балаларға, орындатсаң ғана туган кунге кіресің деді.<br>Еш уайымдама, Аю!<br>Қане балалар, Аюға көмектесеміз бе? | Ия, көмектесеміз. |
| | -Жарайды, Аю ендеше біз сіздің тапсырмаларыңызды орындауға көмектесейік. | Балалар қызыға қарайды. |
| | Балалар, бір жылда неше мезгілі бар?<br>Кәне, атап шығайық көктем, жаз, күз,қыс. | Бір жылда төрт мезгіл бар. |
| | Бұл шарлардың түсі де сол төрт мезгілді белгілейді.<br>Жасыл шарды көрсету.<br>Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді? | Көктем, жаз, күз,қыс. |
| | Бұл жасыл түс, шөптердің түсі сияқты.<br>Табиғат көктемде оянып, жер беті жасыл шөпке толады. Ағаштар бүршік жара бастайды. | Көктем мезгілі |
| | Қызыл шарды көрсету.<br>Қызыл түс қандай жыл мезгілін білдіреді? Қай уақытта гүлдер қызыл түске боялады? | Жаз мезгілінде |

| | | |
|---|---|---|
| | Сары шарды көрсету.<br>Бұл түс қандай жыл мезгілін білдіреді?<br>Себебі күзде ағаштардың жапырақтары сарғайып жерге түседі.<br>Жер беті сары кілемге ұқсайды.<br>Ақ шарды көрсетеді.<br>Мына шардың түсі қандай?<br>Бұл түс қандай жыл мезгілін білдіреді?<br>Қыста жер қандай болады?<br>Балалар, шарлардың түстерін білдік, енді сиқырлы шарлардың ішінде не бар екенін білгілерің келе ме? Кәне шарды кім жарады? Бір бала шығып шарды жарады. Балалар бізге тапсырма берілген, егер осы тапсырманы дұрыс орындасаңдар біз Аюдың туған күнге кіруіне көмектесеміз.<br>1-1-5 ке дейін тура және кері санау<br>(Екі тілде санау) ***Бір, екі, үш, төрт, бес- один, два, три, четыри, пять. One, two, three, four, five.***<br>Бір бала шығып екінші шарды жарады.<br>2-тапсырма:<br>Дидактикалық ойын:<br>«Адасқан сандар» | Күз мезгілі<br><br>Ақ<br><br>Қыс мезгілінде<br><br>Қыста жер ақ болады.<br><br>Жарайды<br><br>Бір бала келіп бір шарды жарады<br><br>Балалар бірге санайды.<br><br>Сандардың көршісін табады<br><br>Балалар жауап береді |

| | | |
|---|---|---|
| | Сандардың орынын табу.<br>3-тапсырма: Логикалық есептер.<br>- Дүкеннен анам екі доп алып келді, оның біреуін ініме бердім.<br>Менде неше доп қалды? (1)<br>- Қоянда неше құлақ бар? (екі)<br>- Мынау ненің суреті?<br>Қолда қанша саусақ бар?<br>- Ағашта 5 құс отыр, оның 2-і ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды? (3 құс)<br>- Себетте 2 алма, табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма?<br>(5 алма)<br><br>4тапсырма: Жұмбақтар<br>Адамға серік, күзетке берік? (Ит)<br>Жүрегі бар, ізі жоқ,<br>Қанаты бар ұшпайды<br>Су астында қыстайды? (Балық)<br>Мен атамнан қаштым,<br>Мен әжемнен қаштым<br>Таба алмадым атамды, әжемді.<br>Үйімді сағындым? (Бауырсақ ертегісі)<br>Кішкене ғана бойы бар,<br>Айналдырып киген тоны бар? (Қой) | Балалар жауап береді:<br>Ит<br><br>Балық<br><br>Бауырсақ ертегісі<br><br>Қой<br><br>Сергіту сәті<br>Қимылмен көрсетеді<br><br>Пішіндер<br><br>Қайталап айтады.<br><br>Пішіндерді кілемшеге орналастырады. |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Сергіту сәті*** <br> ***«Көңілді күн»*** <br><br> Тақтадан нені көріп тұрсыңдар? <br> Мынау шаршы <br> Ал мынау шеңбер <br> Мынау үшбұрыш. <br> ***Үшбұрыш*** *–сөзін дұрыс айтайықшы.* <br> Дидактикалық ойын: <br> **«Ғажайып кілемше»** <br> Ақ түсті кілемшеге түрлі-түсті пішіндерді орналастырады. <br> Аю: Алақай, алақай енді мен туган кунге кіретін болдым. Рахмет сіздерге балалар. <br> -«Ғажайып білім әлемі» деген осы жер Аю. Сіз керісінше бізге жақсы көңіл-күй сыйладыңыз. Біз бәріміз бірігіп, қызықты тапсырмалар орындалық. <br> Аю: Балалар сендерге көп-көп рахмет. Сендер маған көмектестіңдер, көптеген тапсырмалар орындадыңдар. Өмірде тек білімді емес, қайырымды балалар екендерінді көрсеттіңдер. Мен осындай балабақшада тапқыр, ақылды, білімді, балалардың барына қуанып тұрмын. Ендеше мен сендерге өзімнің жақсы көретін | Балалар Аюдың барлық тапсырмаларын орындап,өз білімдерін көрсетті. <br><br> Сау болыңыз, Аю |

| | | |
|---|---|---|
| | күлдіргілерімді сыйлыққа тарту етемін. Сау болыңдар, балалар. | |
| Іс-әрекеттің бағалау кезеңі | -Балалар бүгін бізге қонаққа кім келді?<br>-Аю бізден қандай көмек сұрап келіпті?<br>-Аю бізге тапсырмаларды нені беру арқылы орындатты?<br>Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар.Ендеше өздеріңнің көңіл-күйлеріңді қолдарыңдағы **күлдіргілермен** көрсете қойыңдар.<br>Қонақтармен қоштасады. | Бүгін бізге қонаққа Аю келді.<br><br>Біз Аюға туған күнге кіруіне көмектестік. Әдемі түрлі шарларды беріп тапсырмаларын орындатты.<br><br>Балалар күлдіргілерін көрсетеді.<br><br>Балалар қуанады.<br>Сау болыңыз. |

**Күтілетін нәтиже**
**Біледі:** Сандарды тура және кері санау, логикалық есептер, жұмбақтар шешуді.
**Игереді**: Шарларды жару арқылы тапсырмаларды дұрыс орындай білуді игереді.
**Меңгереді:** Зейінді, ұқыпты, мейірімді, ойлау қабілеттері дамиды.

**Т00038 15.12.2020**

# Қызыл телпекке көмек

**МЕНДЫБАЕВА ЭЛЬМИРА БОЛАТОВНА**
*ШҚО, Өскемен қаласы*
*№ 15 «Рахат» балабақша-бөбекжайы КМҚК Тәрбиеші*

**Өтілетін күні, айы, жылы:** 10.12.20.ж
**Апта күні :** бейсенбі
**Білім беру саласы:** Әлеуметтік орта, Таным,Денсаулық
**Ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті:** Математика негіздері, Қоршаған ортамен таныстыру, Дене тәрбиесі.
**Тақырыбы:** «Қызыл телпекке көмек»
**Мақсаты :**
**Білімділік міндеті:** «Қызыл телпек» ертегісін естеріне түсіру, қыс мезгілінің ерекшеліктерін бекіту , денсаулықты қалай сақтау керектігі жайлы білімдерін кеңейту.
**Дамытушылық міндеті:** ойын әрекеттері арқылы ойлау, сөйлеу мәдениеттерін дамыту ,сөздік қорларын байыту,
**Тәрбиелік міндеті:** Балаларды өз денсаулығына қамқорлықпен карауға , ертегі кейіпкерлеріне деген жанашырлық сезімдерін ояту.
**Керекті құралдар:** интерактивті тақта, жемістердің суреттері, жапырақтар
**Тілдің үштұғырлығы**: сәлеметсіз бе – здравствуйте - hello , сау болыңыз- досвидание- good bye , жемістер- фрукты -fruits, апельсин- апельсин- orange , лимон – лимон - leman , алма- яблоко – an apple , жүзім- виноград - grape, банан- банан- banana

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Балалар топқа кіреді<br>Табиғат – біздің анамыз,<br>Табиғатқа баламыз.<br>Иіліп сәлем береміз,<br>Біз әдепті баламыз!<br>Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар!<br>Қане, балалар, бір - бірімізге мейірім сыйлайықшы, ол үшін бір - бірімізге қарап күлеміз,.<br>Балалар орындарымызға | Балалар келген қонақтармен<br>Өлең жолдарын айтып 3 тілде сәлемдеседі<br><br>Балалар шаттық шеңберге тұрып, бір-біріне жылу сыйлайды.<br><br>Балалардың назары |

| | | |
|---|---|---|
| | отырайық.<br>-Балалар бізге бүгін электронды хат келіпті. Оның кімнен келгенін білу үшін мына жұмбақты шешейік.<br>Ол өте сүйкімді қыз<br>Апасын ол өте жақсы көреді<br>Бір күні апасы оған қызыл бас киім әперді<br>Ол қандай қыз?<br>-Дұрыс балалар ол қызыл телпек<br>Қызыл телпектің хабарламасын тыңдайық<br>-Балалар менің апам ауырып қалып ,мен оған бәліш пысырып апара жатыр едім сұм қасқыр жолығып бәліш толы себетімді тартып алды. Маған оны қайтару үшін көптеген тапсырмалар берді, мен оны орындай алмай қиналып отырмын ,көмектесіңдерші балалар! | интерактивті тақтаға ауады.<br>Балалар жұмбақтың жауабын табуға тырысады.<br><br>-қызыл телпек<br>Балалар қызыл телпектің хабарламасын тыңдайды<br>Балалар қызыл телпектің әңгімесін тыңдап, оған көмектесуге келіседі |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Балалар біз қасқырдың тапсырмасын орманға бармай ақ осы жерде отырып орындауымызға мүмкіндік бар, біз оны электронды түрде жіберіп отырамыз<br>-Ал енді қасқырдың тапсырмаларын көрейік .<br>Тақтадан қыс мезгілінің суреті шығады<br>**1 тапсырма**<br>-балалар қасқыр қыс мезгілі жайлы әңгімелеуіміз керек сияқты. Бұл тапсырманы дұрыс орындасақ күліп тұрған күннің суреті шығады екен | Балалар таңдана қарайды.<br><br>Балалар келіседі.<br><br>Тақтадан қасқырдың тапсырмаларын көреді<br><br><br><br>-қыс<br>-үш<br>-желтоқсан, қаңтар, ақпан |

| | | |
|---|---|---|
| | -Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс мезгілінде неше ай бар? Атайықшы.<br>-қазір қай ай?<br>-Балалар қыстың қандай ерекшеліктерін білеміз? Оларды толық сөйлеммен атайық?<br>Дидактикалық ойын «Керісінше»<br>Қимылды ойын «Жұбыңды тап»<br>-Қане ,балалар біз тапсырманы дұрыс орындадық па тексерейік?<br>Ауырып тұрған баланың суреті шығады.<br>-Денсаулық деген не?<br>-денсаулық мықты болу үшін не істеу керек?<br>**2 тапсырма**<br>Пайдалы тағамдардың суреттері шығады<br>Жемістердің аттарын ағылшынша айту<br>Дидактикалық ойын «кім зейінді»<br>**3тапсырма**<br>Жуынып жатқан баланың суреті шығады.<br>-таза жүру деген не?<br>Сергіту сәті: «стирка»<br>Дидактикалық ойын « дұрыс-бұрыс»<br><br>**4 тапсырма**<br>Спортпен шұғылданып жатқан бала суреті<br>-спортпен шұғылдану деген не?<br>Ссаусақ жаттығуы «саусақ жаттығуы» | -ақпан<br>Балалар қыс ерекшеліктерін толық сөйлеммен айтады<br>Балалар қарларды көлемі бойынша жұптасады<br>Күліп тұрған күннің суреті шығады<br>-ауырмай жүру<br>-пайдалы тағамдар жеу керек<br>-ет, балық, сүт тағамдары, жемістер, көкеністер<br>Балалар жемістерді ,түстерін қазақша, орысша, ағылшынша атайды -тісімізді жуу, жуынып жүру, киімді таза ұстау<br>Балалар бой жазады<br><br><br>-Таңғы жаттығу, спорт, ойын т.б<br><br>Балалар орындарында отырып, 2 түрлі себетке пайдалы, пайдасыз тағамдардың суреттерін себетке сызықтар арқылы қосады.<br><br>Балалар қызыл телпек үшін қуанады |

| | | |
|---|---|---|
| | Дидактикалық ойын «тағамдарды топтастыр»<br>Тәрбиеші балалардан тапсырманы орнында отырып орындауларын сұрайды<br>Қасқырдың тапсырмалары бітеді<br>Қызыл телпек балаларға рахмет айтады<br>Ол қасқырдан өзінің себетін қайтарып алады. Қызыл телпек апасымен қауышады. | |
| **Рефлексивті - түзетуші** | Бізге балалар кімнен хабарлама келді?<br>-оған не болыпты?<br>-бізден қандай көмек сұрады?<br>-сендер көмек көрсете алдыңдар ма?<br>-қалай көмектестік?<br>-оқу іс-әрекетінде кімге не ұнады?<br>Тәрбиеші балаларды мадақтайды. | - қызыл телпектен<br>-қасқыр себетін тартып алыпты<br>-себетті қайтаруға<br>-көмектесе алдық<br>-тапсырмаларды орындадық<br>Балалардың жауабы<br>Мадақтауға ие болады. |

**Күтілетін нәтиже**:
**біледі:** қызыл телпек ертегісінің желісін
**Білуі тиіс:** қыс мезгілі жайлы білімдерін бекіту,денсаулықтарын сақтай білу
**Істей білуі керек:** сұрақтарға дұрыс толық жауаптар беру

**Т00039 15.12.2020**

**Түлкі мен қоян**

**СЕЙСАПАРОВА САНДУГАШ КУРМАНБАЙҚЫЗЫ**
*Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы*
*Өскемен қаласы әкімдігінің « №15 «Рахат»*
*балабақша-бөбекжайы» КМҚК Тәрбиеші*

**4 жастан 5 жасқа дейінгі балаларды орта тобы үшін ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.**

**Өтілетін күні, айы, жылы:** 10.12.2020 ж.
**Апта күні**: Бейсенбі
**Білім беру саласы:** Әлеуметтік орта, Қатынас, Денсаулық, Шығармашылық,Таным.
**Ұйымдастырылған оқу іс – әрекет түрі:** Кіріктірілген (Қоршаған орта, Тіл дамыту, Денешынықтыру, Сенсорика, Құрастыру)
**Тақырыбы: «Түлкі мен қоян»** орыс халық ертегісі
**Мақсаты:**
**Білімділік міндеті**: ертегілерді сахналау барысында кейіпкерлердің мінез – құлқын жеткізе білу дағдыларын үйретуді жалғастыру. Ауызекі сөйлей білуге, сұраққа толық жауап беруге, ертегі желісі бойынша тапсырмаларды дұрыс орындауды үйретуді жалғастыру.
**Дамытушылық міндеті** : Қоршаған ортаға деген көзқарастарын кеңейту танымдық белсенділіктерін арттыру. Балалардың оқу іс әрекетіне деген қызығушылығын ояту арқылы балалардың тіл байлығын, зейінін,ойлау, логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуды жалғастыру.
**Тәрбиелік міндеті:** балаларды батырлыққа, өжеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу. Жануарларға деген сүйіспеншілік, жанашырлық сезімдерін ояту. Мейірімді болуға тәрбиелеу.
**Қолданылатын әдіс - тәсілдер:** Ертегі айту, сахналау**,** көрсету, ойын, түсіндіру, сұрақ жауап.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** слайдтар, үнтаспа, ойын барысында қолданылатын демонстрациялық материалдар.
**Тілдің үш тұғырлығы:** бір – один – one, екі – два – two, үш – три – three, төрт – четыре - four, бес - пять – five, көк – синий – blue, сары – желтый – yellow, қызыл – red – красный, жасыл – зеленый – green.

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңі** | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық -қозғаушылық** | Балалар бүгін көңіл – күйлерің қандай?<br>Балалар қазір жылдын қай мезгілі?<br>Бір аптада неше күн бар?<br>Қонаққа жылап қоян келеді.<br>Сәлеметсіңдер ме балалар!<br>Айлакер түлкі менің ағаш үйімді тартып алды. Үйімді қайтаруға көмектесіндерші. | Балалар шеңберге тұрып,бір-бірлерімен амандасады.<br>Жақсы!!!<br>Бір аптада 7 күн бар.<br>Қоян саған не болды?<br>Әрине көмектесеміз. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | Біз орманға бармас бұрын орманда жүру ережесін еске түсірейік.<br>Орманға  біз сиқырлы ән арқылы барамыз. Ал кәнеки балалар «Ертегілер әлемі» әнің айтайық.<br>Көзімізді жұмып 1-10 санайық.<br>Балалар қарандаршы қандай тамаша! «Көбелектерді гүлге қондыр» ойын<br>Таза ауа! Жерде көбелектерді алып ұшыртайық та әр көбелекті түсіне сәйкес гүлге қондырамы.<br>Балалар қоянға көмектесу үшін біз ертегіні сомдауымыз қажет.<br>Ал балалар<br>Автор: Бір хандықта ну орманның ішінде түлкі мен қоян дос болыпты. Олардың достығы сонша, тіпті олар екеуі бір - бірімен көрші болып тұруды ұйғарады. Содан түлкі өзіне мұздан, ал қоян ағаштан үй салады екен. Жылдар жылжып, күндер өтеді. Қыс өтіп көктем де келеді. Түлкінің мұздан жасалған үйі су болып еріп кетеді. Түлкі қоянның үйіне кіріп алып, қоянды далаға қуып шығады. Қоян | Орманда шулауға болмайды. Қоқыс тастауға болмайды, ағаштарды, бұтақтарды сындыруға болмайды. Орманда от жағуға болмайды.<br>Балалар «Ертегілер әлемі» әнің айтады.<br>1-10 санайды.<br><br><br>Ит:<br>Қоян, қоян! Не болды саған? Соншалықты қамығып кетіпсің ғой?<br>Қоян: — Қалай жыламаймын? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды. |

| | | |
|---|---|---|
| | жылай бастайды. Сөйтіп қоян жылап отырғанда Ит кездеседі.<br><br><br>Түлкі: — Аха! Шықсам шығайын! Бірақ, менің тапсырмаларым бар 1 - ден 5 - ке дейін сандарды тура және кері санау. Үш тілде санау. Геометриялық пішіндерді ата және түстерін үш тілде атау.<br><br>Ал түлкі бүкіл тапсырманы орындадық енді шығатын шығарсын.<br>Жоқ  менің тағы тапсырмаларым бар.<br>Қоян одан да бетер жылай бастайды. Сөйтіп қоян жылап отырғанда Аю кездеседі.<br><br><br>Жүргізуші: Сөйтіп аю қоянның үйіне, қоянмен бірге еріп келеді.<br><br>Түлкі: менің тапсырмаларым бар сол тапсырманы орындандар.<br>Көзге жаттығу жасайық.<br>Д/О «Қоянға кім не сыйлады?»<br>Д/О «Санның көршісін тап» қандай сан жоқ, сол санды жазамыз.<br>Д/О «Заттарға сандарды сәйкестендір»<br>Қаян нешеу?<br>Алма нешеу?<br>Ал түлкі енді үйді босат, тапсырманы орындадық енді шығатын шығарсын<br>Жоқ менің тағы тапсырмаларым бар.<br>Қоян одан да қатты жылай бастайды | Ит:— Сен Жылама! Мен саған көмектесемін. Мен ол оңбағанды қазір-ақ қуып шығам!— АВ АВ АВ! Әй, түлкі, шық қане! Босат, қоянның баспанасын!<br>Балалар бүкіл тапсырманы орындап шығады.<br>Аю:<br>— Қоян-ау, не болды? Сонша неге жылайсың?<br>Қоян: Жыламағанда қайтемін? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды.<br>Аю: — Жылама! Мен оны қуып шығамын.<br>Қоян:— Жо-оқ! Қуып шыға алмайсың. Итте қуып шыға алмады.<br>Аю:— Көресің, қуып шығамын.<br>— Түлкі, шық! Босат, қоянның үйін! — деп ақырады.<br><br>Әтеш: — КУ - КА - РЕ – КУ  Қоян, қоян! Неге жылап отырсың? — деп сұрады. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қоян жылап отырғанда, оған Әтеш кездеседі.<br>Түлкі қорқып кетіп: «Қазір шығамын. Кииініп жатырмын», — дейді..<br>Түлкі; менің тағы тапсырмаларым бар.<br>Д/О «Көленкесін тап»<br>Мына түлкі әтештен де қорқпайды екен. Ал түлкі босат кәне қоянның үйін.<br><br>Түлкі сасқалақтап: «Қазір-қазір!» -дейді.<br>Маған үй жасап беріндерші.<br>Балалар геометриялық пішіндерден үй жасап береді.<br>Сөйтіп түлкі қоян үйін босатып береді.<br>Сөйтіп қоян түлкінің кеткеніне қуанып, әтештерге рахметін айтады.<br>Қоян: Рахмет сендерге, сендер менің үйімнен түлкіні қуып жібердіңдер.<br>Қоянмен қоштасып. Тобымызға оралайық. | — Жыламай қайтемін? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды.<br>— КУ - КА - РЕ - КУ, Сен Жылама! Мен оны қазір қуып шығамын! КУ - КА - РЕ - КУ,<br>— Жо-жоқ! Қуып шыға алмайсың! Итте қуды, қуа алмады. Аю қуды, қуа алмады. Сен де қуа алмайсың!<br>— Жүр, көрерсің! Қуамын!<br>Екеуі үйшік жанына келді. Әтеш қатты дауыстап өлең айта бастады.<br>— Шөп шабамын, шөп шабамын! Түлкіні іздеп табамын. Қоянның үйінен шықпаса, оны да шалғынша шабамын!— деп Әтеш қайта әндете бастайды |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Бізге бүгін қонаққа не келді?<br>Қоянға не болды?<br>Қоянға қандай жануарлар көмектесті?<br>Бірінші қандай?<br>Түлкі қоянның үйін босаттыма?<br>Белсенді қатысқан балаларды мадақтау. | -қоян<br>-үйін түлкі тартып алды<br>-ит, аю, әтеш<br>-ит<br>-иә босатты |

**Күтілетін нәтиже:**
**Білуі тиіс:** 1 - ден 5 - ке дейін тура және кері санай білу. Геометриялық пішіндерді білу және түстерді ажырату.
**Болуы қажет**: Түстер туралы ұғымы, түсінігі қалыптасады.
**Жасай алады:** Сандарды, геометриялық пішінді және түстерін ажыратады. Зейіні, есте сақтау қабілеттері артады, ой өрісі дамиды

**Т00041 15.12.2020**

## А дыбысы мен әріпі

**ШӘМОЕВА ГАУХАР СЕЙТХАНҚЫЗЫ**
*ШҚО , Өскемен қаласы № 15 «Рахат»*
*балабақша-бөбекжайы КМҚК. Тәрбиеші*

**Білім беру саласы:** Қатынас
**Ұйымдастырылған оқу - іс әрекеті:** Сауат ашу
**Тақырыбы:** А дыбысы мен әріпі
**Сабақтың мақсаты**: **Білімділігі:** Өткен тақырыпты еске түсіре отырып, а дыбысы және әрпімен танысу.
Балаларға а дыбысы кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу. Жазуға қолдарын жаттықтыру.
**Дамытушылығы:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін шыңдау, ой - өрісін дамыту және жетілдіру. Сөздік қарым - қатынастарын байыту.
**Тәрбиелігі:** Ұқыптылыққа, сауаттылыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.
**Көрнекілігі:** Кеспе әріптер, жеке суреттер, киіз үй.
**Әдіс - тәсілдері:** Түсіндіру, оқу, жазу, ойын, сұрақ - жауап, әңгімелесу, жұмбақ, жаңылтпаш айтқызу..
**Түрі:** Жаңа сабақты түсіндіру.
**Пәнаралық байланыс:** Көркем әдебиет, тіл дамыту.

| **Іс - әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс - әрекеті** | **Балалардың іс - әрекеті** |
|---|---|---|
| **Ынталандыру, Сезімдерін ояту.** | - Балалар бүгінгі біздің ұйымдастырылған оқу - іс әрекетіміз, сауат ашу сабағына қонақтар келіпті. Шаттық шеңберіне шығып сәлемдесейік. | Балалар сәлемдеседі:<br>а ) Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа |

| | | |
|---|---|---|
| | Парта саған төсек емес жатуға,<br>Түзу ұста, тік отыр сен партада.<br>Бойды түзе, көтер басты жоғары,<br>Сымбаттылық болсын сенің бойыңда. | баламыз.<br>Иіліп сәлем береміз,<br>Біз әдепті баламыз.<br>(қимылмен көрсету)<br>ә) Күн бүгін ерте оянды,<br>терезеге біздің қарады,<br>өйткені біздің сыныпта<br>сауат ашу сабағы. |
| **Ұйымдастыру, Іздену.** | - Өте жақсы, балалар! Бүгін класта кезекші кім?<br>- Бүгін сабақта барлығы түгел ма?<br>- Бүгін нешесі?<br>- Аптаның қай күні?<br>- Жақсы отыра ғой.<br>- Қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Күз мезгілінің ерекшелігін айта қояйық..<br>- Балалар 1жылда неше ай бар12<br>- Жыл мезгілдері нешеге бөлінеді? 4 - ке<br>- Күз айларын атайық.<br>- Қыс айларын атайық.<br>- Көктем айларын айтамыз.<br>- Жаз айларын айтамыз.<br>- Балалар 1аптада неше күн бар? 7күн.<br>- Қане айта қояйық.<br>- Біз неше күн оқып, неше күн демаламыз.<br>- Балалар біз осы уақытқа дейін сауат ашу сабағынан не үйрендік.<br>- Сөзбен таныстық, сөйлем құрап үйрендік. Дыбыс пен әріпті, дауысты | Кезекші: Бүгін қазан айының 20 - ы, аптаның екінші күні сейсенбі.<br>Класта барлығы түгел.<br><br>Күз<br><br>Балалар сергіту сәтін жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | және дауыссыз дыбысты үйрендік.<br><br>- Балалар дыбыс дегеніміз не? Дыбысты айтамыз естиміз.<br>- Әріп деген не? Әріпті жазамыз, көреміз.<br>- Сөз дегеніміз не? Сөз неден құралады? Оқимыз. Сөз дыбыстан құралады<br>- Ал буын деген не? Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.<br>- Дыбыстар нешеге бөлінеді? 2 - ге<br>- Қандай, қандай? Дауысты және дауыссыз.<br>- Дауысты дыбыстар қалай айтылады? Созылып еркін айтылады.<br>- Ал дауыссыз дыбыстар ше? Кедергіге ұшырайды.<br>- Дауысты дыбыстарды қандай текшемен белгілейміз? Қызыл.<br>- Ал дауыссыз дыбыстарды ше? Көк текшемен белгілейміз.<br>Қане балалар, олай болса мен сіздерге дыбыстар қандай өмір сүреді екен, сол туралы ертегі айтып берейін.(Ертегі оқып беру)<br>Әлдеқандай патшалықта емес, мемлекетте емес, өзіміздің аузымызда дыбыстар өмір сүріпті. Олардың үйі осы аузымыз болыпты. Үйдің төбесі қандай, едені төменгі таңдай, үйдің екі қабырғасы екі жағымыз болыпты. Ал үйдің есігі екі ерін, оның ішінде есік мықты болу үшін қойылған сүйек шарбақтары бар екен, олар тістер болыпты. Бір күні осы үйге барлығын басқаратын бастық пайда болыпты. Ол тіл екен. Оның көңіл – күйі жақсы болса дыбыстарды емін еркін өткізіп жібереді екен. | |

| | | |
|---|---|---|
| | Мысалы былай: А, О, Е, И, Ы, У. Бұл дыбыстар үстіне қызыл көйлек киіп, есіктен емін еркін кіріп - шығып жүреді екен. Ал, кейбір дыбыстарға кедергі жасап, шығуына бөгет болады екен немесе есікті жауып қояды екен.<br>Мысалы былай: М - м - м, Н - н - н Т дыбысы шығар кезде тіпті таңдайға жабысып қалады екен.<br>Қане, бәріміз дыбыстарды қайталап айтайықшы, олар сыртқа шыға алмай тұр.<br>Сөйтіп бәрін басқаратын тіл дыбыстарды<br>ысылдауға, қырылдауға мәжбүр етеді екен.<br>Бұл дыбыстар ауыздан емін еркін шыға алмай, олар көк көйлек киіп шығады екен. Сонымен емін еркін шыққан дыбыстар дауысты, қысылып шыққан дыбыстар дауыссыз болып екіге бөлініпті. Содан оларды жекелей ешкім түсінбегендіктен олар бәрі бірігіп буын құрайды, жеке буын да түсініксіз болған соң сөз құрайды, жалғыз сөздің де мәні болмаған соң, бәрі ақылдасып сөзден бір ойды білдіретін сөйлем жасайды.<br>Міне сонан бері балалар, дыбыстардың адамға пайдасы тиіп, әлі күнге дейін тіл құралы болып келе жатыр екен.<br>- Балалар, сендерге ертегі ұнады ма<br>- Ертегі не жайында айтылған?<br>Дыбыстар, сөз, тіл, сөйлем туралы айтылған.<br>- Балалар осы ертегіге байланысты жұмбақ шешейік. Жұмбақ:<br>Бірде төмен, бірде шығып жоғары,<br>Сөз сөйлесең қозғалыста болады.<br>(тіл)<br>Енді алдарыңызда сандықша тұр.<br>Осы сандықты кілт ашады | |

| | | |
|---|---|---|
| | Кілт ашпаса тіл ашады.<br>Енді бұл сандықтың кілтін әжеміз жоғалтып алған екен, сандықты ашу үшін тіл туралы таппақ, өлең, жұмбақ, жаңылтпаш айтуға болады. Кім айтады.<br>Ана - тілің арың бұл,<br>Ұятың боп тұр бетте<br>Өзге тілдің бәрін біл!<br>Өз тіліңді құрметте!<br>Жақсы енді сандығымыз ашылды. Сандықтың ішінде не бар екен. Жақсы, бұл сандықта жұмбақ жасырулы жатыр екен. Қане шешіп көрейік.<br>Көлдің көркі, сәні екен,<br>Ұшқанда сазды әні екен.<br>Ақындар оны мақтаған,<br>Адамдар қорғап атпаған.<br>(аққу)<br>Жұмбақтың шешуі аққу екен. Олай болса Аққу деген сөз қандай дыбыстан басталып тұр А дыбысынан басталып тұр. Жақсы балар бүгін біздер А дыбысымен әрпімен танысамыз. Қазақ тілінде 42 әріп бар. 40 дыбыс 2 белгі. А - а - а деп айтып көрейікші, қалай айтылады. Созылып еркін.<br>- Мынау ненің суреті? Алма.<br>- Алма деген сөз қандай дыбыстан басталып тұр?<br>- А дыбысынан басталады. А дыбысы басында және соңында келіп тұр.<br>- Алмұрт, ананас, ата, ат барлығы да а дыбысынан басталып тұр.<br>- А дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>- Неліктен дауысты дыбыс?<br>- Созылып, еркін айтылады, кедергіге ұшырамайды. Үстелді, стаканды түрту. Дыбыстар ұқсай ма? Сол сиқты дыбыстар, әріптерде әр түрлі болады.<br>- А дыбысының баспа түрін көрсетіп, үйретейін. | |

| | | |
|---|---|---|
| | - А дыбысын ауада жазып көрсету.<br>- Ережені еске түсірейін, әріп дегеніміз не?<br>- Мынау А әрпінің таңбасы, бас әріпі 3элементтен тұрады, 3 таяқшадан тұрады.<br>- Ал мынау кіші әріпі а 2 элементтен тұрады.<br>Кім тапқыр? дидактикалық ойын ойнату.<br>Шарты: а дыбысынан келетін сөздерге мысал келтіру.<br>А дыбысы кездесетін сөздерді алақанмен шапалақ ұру арқылы буынға бөлгізу. Алаша, алақан, ата, алма т. б.<br>Сергіту сәті. Аю деген сөз қандай дыбыстан басталып тұр. А дыбысынан олай болса шаршаған шығармыз. Аю туралы сергіту сәтін өткізейік.<br>Орманда аю, қонжық ұялардан бал іздеді,<br>Мойындарын оңға бұрды, солға бұрды,<br>Орман ішін аралады, ағаштарды шайқап көрді,<br>Оңға бір, солға бір ағаштарды байқап көрді.<br>Аяқтарын көтеріп ап, қуанғаннан билей берді,<br>Оңға бір, солға бір қуанғаннан билей берді.<br>а) Сурет бойынша дыбыстық талдау жасату. Аю, ата, бала. А дыбысының сөздің басында ортасында, аяғында келетінін түсіндіру, А дыбысын есте үшін алма, ат, ананас т. б суреттерді көрсету.<br>ә) Суретті ребустың шешуі: Айгүл. Дыбыстық талдау жасату.<br>Б) Асқабақ,, алмұрт сөздеріне дыбыстық талдау жасатып а дыбысын айтқызу. | |

| | | |
|---|---|---|
| | Тілдің қатысына қарай жаңылтпаш:<br>А - жуан дауысты дыбыс 1. Піскен алма топ - топ түсті<br>2. Топ - топ түсті, көптеп түсті.<br>- Балалар біз бүгін қандай дыбыспен таныстық?<br>- А дыбысы қандай дыбыс екен?<br>- Дауысты дыбыс.<br>- Қандай текшемен белгілейміз? қызыл<br>- Қалай айтылады? созылып, еркін, деміміз жеткенше.<br>- Сонымен әріп деген не? дыбыстарды таңбалау екен.<br>Балалар бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?<br>Олай болса бүгінгі сабаққа жақсы қатысқан балаларға жұлдызша таратылады.<br>Әрқашан сабақты жақсы оқиық.<br>Қане шаттық шеңберге шығайық<br>Қол ұстасып тұрайық,<br>Жарты шеңбер құрайық.<br>Көріскенше күн жақсы,<br>Сау - саламат болайық!<br>Апайларды қоштасып шығарып салайық. | |
| **Қорытындылау.**<br>**Өзін - өзі бағалау.** | Тәмам болды осымен,<br>Ашық сабақ біздегі<br>Қошемет, сын сіздерден,<br>Рахмет айту біздерден.<br>Сау - саламат болайық. | Сау болыңыздар! |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі тиіс:** Аа дыбысы мен әріпінің дауысты дыбыс екенін оның созылып айтылатынын білу.

**Қандай түсініктерді игерді:** Қызылмен белгіленетінін, Аа дыбысына сөз тауып сөйлем құрастыруды игерді.

**Көрсете білуі:** Аа әріпінің баспа түрін әдемі жаза біледі.

**T00042 15.12.2020**

# Сиқырлы аспаптар

**УТЕУБАЕВА ГУЛНУР АЙДЫНБАЕВНА**
*Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы*
*«Қызғалдақ» бөбекжай бақшасының саз жетекшісі*

Білім беру саласы: Шығармашылық
Ұйымдастырылған оқу қызметінің түрі: Музыка
Тақырыбы: «Сиқырлы аспаптар»
Мақсаты: музыкаға қызығушылығын арттыру, сипаттағы әндерді орындауды, музыкалық фразалар арасында тыныс алуды, би қимылдарын есте сақтау қабілетін арттыру. Оркестр мен дирижёрдың қызметін атқара білуге, шығармашылыққа баулу. Музыканы тыңдап, әртүрлі аспаптардың дауысын тыңдап ажырату және музыка ырғағымен ойнай білуге дағдылануды жалғастыру.
Көрнекілігі: сиқырлы аспаптар:, барабан , асатаяқ, домбыра,үшбұрыш, кселлафон,тоқылдақ, қасық аспаптары, тапсырмалар, күтпеген сәт, дүкенші, үнтаспа, интерактивті тақта, слайд, қағаз, желім.
Сөздік жұмыс: сиқырлы аспаптар, музыкалық асапатар дүкені.
Әдіс-тәсіл: сұрақ-жауап, музыка тыңдау, ән айту, би билеу, оркестрде аспаптармен ойнау,құрастыру.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Музыка жетекшісінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі | Жетекші музыка залында балаларды «Достар әні» әнімен көңілді қарсы алады.Әндетіп мандасады: Сә-ле-мет-сіз-дер ме,ба-ла-лар! | Балалар музыка залына көңілді ән әуенімен келеді. Әндетіп амандасады: Сә-ле-мет-сіз бе! |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастыру шы-ізденушілік | Қол ұстасып бәріміз,<br>Жадырасын жанымыз.<br>Қарсы алайық әнменен,<br>Арайлы болсын таңымыз.<br>Жарайсыңдар балалар, біз де бүгінгі күнді көңілді қарсы алдық. Сендер көп әнддерді айтып білесіңдер, билерді білесіңдер, аспаптарды танып оларда ойнап білесіңдер.<br>-Балалар, музыкалық аспаптар дүкеніне барып аспаптар сатып алғыларың келе ме?<br>Олай болса дүкенге барайық.<br>-Балалар, сатушы апаймен амандасайық.<br>-Сәлеметсіз бе?<br>-Сәлеметсіңдер ме, балалаар!<br>-Бізге музыкалық аспаптар керек еді.<br>-Бұл аспаптар сиқырлы. Оларды алу үшін әрқайсысында жасырынып тұрған тапсырмаларды орындау керек.<br>-Орындаймыз ба балалар, ендеше көрейік.<br>Жұмбақ: Ұлттық аспаптың бірі,<br>Күмбірлетер күйді.<br>Қос ішекпен бұл аспап,<br>Шығарады үнді (Домбыра)<br>1-тапсырма: «Бұл қандай ән?»<br>Барабан аспабының үні естіледі.<br>2-тапсырма: «Музыкалық жанрды ата?»<br>Сыңғырлайды қоңырауы.<br>Ағаштан жасалған,<br>Ерекше нәзік үні бар,<br>Бұл аспап қалай аталған?<br>(Асатаяқ)<br>3-тапсырма: « Би қимылдарын көрсету»<br>Қасық аспабының үні естіледі.<br>4-тапсырма: « Аспаптарда ойна?»<br>Тоқылдақ аспабының жартылай суреті шығады, аспаптың атын табу.<br>5-тапсырма: Ойын: «**Сылдырмақ пен қоңырау»**<br>Мақсаты: Балалардың тыңдау ынтасын дамыту. | Бәрі қосылып орындайды<br><br>Иә<br><br>Сәлеметсіз бе сатушы апай<br><br>Иә, орындаймыз<br><br>Жұмбақтың шешуін айтып, жауап береді<br><br>Ән,би, марш<br><br>Асатаяқ<br><br>Би қимылдарын орындайды |

| | | |
|---|---|---|
| | Шарты: Сылдырмақтың дыбысына балалар шеңбермен аяқтың ұшымен жүреді. Қоңыраудың дауысы естілгенде,балалар отыра қалуы керек.<br>**«Жоғалған аспап»**<br>Мақсаты: Аспаптардың атауын есте сақтауға,түрінен ажыратуға үйрету.<br>Шарты:Металлафон,сырнай,дауылпаз, үшбұрыш,домбыра,сылдырмақтар…т.б. үстел үстінде тұрады.Балалар көзін жұмады.Осы кезде бір бала бір аспапты жасырады. Көздерін жұмған балалар көзін ашып,жоғалған аспапты атауы керек. Металлафон аспабының үні естіледі.<br>6-тапсырма: «Аспаптардың суретін құрастыр»<br>Сатушы: -Жарайсыңдар, балалар, барлық тапсырмаларды орындадыңдар енді қалаған аспаптарыңды ала беруге болады.<br>-Енді балалар, бақшамызға барайық.<br>Көңілді әуенмен бақшаға келеді. | Суретке қарап, аспапты табады<br><br>Ойынға қызығушылықпен қатысады<br><br>Аспаптардың қиындыларын құрастырады<br><br>Көңілді бақшаға қайтады. |
| Жетекші жөндеуші | -Біз бүгін қайда бардық?<br>-Кімді көрдік?<br>-Қандай тапсырмаларды орындадық?<br>-Өте жақсы ,жарайсыңдар балалар.<br>Балаларды мадақтап, сыйлық тапсырады. | Музыкалық аспаптар дүкеніне<br>Сатушы апай<br>Жауап береді |

**Күтілетін нәтиже:**
Білуі керек: әндерді еске түсіріп орындау, би қимылдарын, аспаптардың атын еске түсіріп оларда ойнауды.
Түсінеді: дыбыс арқылы аспаптарды, әндерді ажыратуды.
Қолдана біледі: әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын, суретті құрастыруды.

**Т00043 15.12.2020**

## Шамалар арасындағы тәуелділік

**РАМАЗАНОВА САЛТАНАТ НУРБЕКОВНА**
*Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық әкімдігінің "Еңбекшіқазақ ауданы білім бөлімі " мемлекеттік мекемесінің "Шелек ауылындағы № 1орта мектебі " КММ. Бастауыш сынып мұғалімі*

| | | |
|---|---|---|
| **Мұғалімнің аты-жөні: Рамазанова С.Н.** | | |
| **Пән/Сынып:** | Математика / 3-сынып 3-топ | |
| **Қай аптаның нешінші сабағы** | 7 аптаның 4-ші сабағы | |
| **Тарау немесе бөлім атауы:** | Көбейту және бөлу | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Шамалар арасындағы тәуелділік | |
| **Оқу мақсаты:** | 3.2.3.4. 2 – 3 амалдан тұратын есептерді шығару | |
| **Бағалау критерийі:** | Білемін «+», білмеймін «-» белгісін қою. | |
| **Саралап оқыту тапсырмалары** | | |
| **Ұжымдық жұмыс** Жаңа тақырыптың түсіндірілуі | **Бірлескен жұмыс (1,2 тапсырма)** Тапсырманы ұсыну және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету | **Жеке жұмыс** Тапсырманы ұсыну, оқушылар өз бетімен орындауы |

| **Уақыты** | **Кезеңі** | **Тапсырма** | **Тапсырманың мақсаты** | **Бағалау** | **Ресурс-тар** |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 минут | Ұйымдастыру | Тақырып, мақсаттармен таныстыру | Не меңгеретінін білу үшін | | Презентация № 1бет |

<table>
<tr>
<td>13 минут</td>
<td>Жаңа сабақ</td>
<td>Жаңа сабақты цифрлық ресурстар арқылы түсіндіру<br>Кестені ауызша толтыру.<br><br>
<table>
<tr><th>Бағасы</th><th>Саны</th><th>Құны</th></tr>
<tr><td>9 теңге</td><td>3 дана</td><td>27 теңге</td></tr>
<tr><td>5 теңге</td><td>6 дана</td><td>30 теңге</td></tr>
<tr><td>4 теңге</td><td>6 дана</td><td>24 теңге</td></tr>
</table>
Заттың құнын білу үшін заттың бағасын оның санына көбейту керек.<br>
Қ = б · с_______<br>

<br>
Сатып алынған заттың санын білу үшін заттың құнын заттың бағасына бөлу керек.<br>
с = Қ : б<br>

<br>
Заттың бағасын білу үшін заттың құнын оның санына бөлу керек.<br>
б = Қ : с<br>


</td>
<td>Жаңа тақырыпты меңгеру</td>
<td>Тапсырманы орындаған оқушыны ауызша мадақтау</td>
<td>Презентация № 1-2 бет</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>15 минут</td><td>Тәжірибе</td><td>1-тапсырма<br>«Дүкен» ойыны<br>Сен дүкенге келдің. Әрбір сатып алынған заттың құнын анықта. Кесте бойынша есеп құрастырыңдар. Жолдастарыңнан оны шығаруды сұра. Бос орындарды толтыр және тексер.<br><br><br><table><tr><td>9 теңгеден 5 дәптер</td><td>45 тг</td></tr><tr><td>8 теңгеден 3 хатқалта</td><td>24 тг</td></tr><tr><td>7 теңгеден 4 дәптерқап</td><td>28 тг</td></tr><tr><td>8 теңгеден 4 бетбелгі</td><td>32 тг</td></tr><tr><td>8 теңгеден 2 ашықхат</td><td>16 тг</td></tr><tr><td>10 теңгеден 5 өшіргіш</td><td>50 тг</td></tr></table></td><td>Жаңа тақырыпты тәжірибе арқылы меңгеру</td><td>Бағалау критерийлерін ұсыну<br><table><tr><td>Дүкен ойынында заттың құнын таба білдім.</td></tr><tr><td>Кестеге байланысты есеп құрастырдым</td></tr><tr><td>Кері есеп құрастыра алдым.</td></tr></table></td><td>Презентация № 3бет</td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>

<br>
2- тапсырма<br>
Есепті құрастырып, шартын жазып,<br>
Шешуін жазып, сұраққа жауабын жазу.
<table>
<tr><th>Болды</th><th>Сатып алынды</th><th>Қалды</th></tr>
<tr><td>80 теңге</td><td><br>9 теңгеден</td><td>? теңге</td></tr>
</table>
Шарты:<br>
Болды- 80 тг<br>
Сатып алды- 9 тг-ден 2 (д)<br>
Қалды-? тг<br>
Шешуі: 80 тг – 9 тг  х 2 = 62 тг<br>
Жауабы: қалды 62 теңге
<table>
<tr><th>Болды</th><th>Сатып алынды</th><th>Қалды</th></tr>
<tr><td>70 теңге</td><td><br>3 теңгеден</td><td>? теңге</td></tr>
</table>
Шарты<br>
Болды- 70 тг<br>
Сатып алды- 3 тг-ден 2 (қ)<br>
Қалды-? тг<br>
Шешуі: 70 тг – 3 тг  х 4 = 58 тг<br>
Жауабы: қалды 58 теңге
</td>
<td></td>
<td></td>
<td>Презентация №<br>4бет</td>
</tr>
</table>

*Кері есеп құрастырп көрейік!*
**Кері есеп**

| **Болды** | **Сатып алынды** | **Қалды** |
|---|---|---|
| ? теңге |  3 теңгеден | 58 теңге |

Болды- ? тг
Сатып алды- 3 тг-ден 2 (қ)
Қалды-58 тг
**Шешуі**: 3 тг х 4 + 58 тг = 70 тг
**Жауабы**: болды 70 теңге



***Дескриптор:***
Есептеудің ауызша және жазбаша тәсілдерін пайдалана отырып, қосу және азайту амалдарын орындау біліктері, безендіру, түсініктеме беру, дәлелдеу, оқу тапсырмаларын шешуде болжамдар айту

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 минут | Қосымша тапсырма | 1. Көбейтудің мәнін қосу амалы арқылы тап.<br>2 * 2 3 * 2<br>2 + 2 3 + 3<br>2 * 20 30 * 2<br>20 + 20 30 + 30<br><br>2. Өрнектің мәнін тап.<br>(85 – 85 ) * 18 (100 – 99) * 32<br>(25 + 49 ) * 0 (80 – 79) * 100<br><br>3. Есепті шығар.<br>Әрқайсысы 3 килограмнан 6 банка қияр тұздалды. Барлығы неше килограмм қияр тұздалды?<br><br>***<u>Дескриптор:</u>***<br>Берілген қосымша тапсырмаларды өз бетінше орындайды<br><br> | Бүгінгі тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергендерін тексеру | 10 баллдық жүйемен бағалау<br><br>Күнделік кз | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 минут | Бекіту | Жеке тапсырма ұсыну<br>**500 ңгеге не сатып ала аласың?**<br><br>**1)Торт, йогурт және шоколад.**<br>Иә Жоқ<br><br>**2) Торт, «Чупа Чупс» және батон кәмпит.**<br>Иә Жоқ<br><br>**3) Торт, пирожное, «Чупа Чупс» және батон кәмпит.**<br>Иә Жоқ<br><br>**4) Йогурт, батон кәмпит және шырын.**<br>Иә Жоқ<br><br>**5) Йогурт, шоколад, шырын және торт.**<br>Иә Жоқ<br><br>**6) Йогурт, батон кәмпит, шырын және «Чупа Чупс»**<br>Иә Жоқ | Тақырыпты меңгергенін анықтау | Бағалау критерийлерін ұсыну<br>500 теңгеге сатып ала алатын нұсқаны дұрыс белгіледім. | Презентация № 5 бет |
| 2 минут | Кері байланыс | "Ауа райы" әдісі | Бүгінгі сабаққа кері байланыс орнату | | |

# МАЗМҰНЫ


- *АУЕЛБАЕВА КУРАЛАЙ ОРЫНГАЛИЕВНА*
- *БЕЙБИТКАЛИЕВА РАЙСА БЕЙБИТКАЛИЕВНА*
- *ЕСЕНОВА ГУЛЬЖАН БАЗАРБАЕВНА*
- *ИСРАЙЛ АЙСУЛУ ҚАЛДЫБАЙҚЫЗЫ*
- *БАҚЫТБЕК АНАР  МАҚСАТҚЫЗЫ*
- *АЛИМХАНОВА ДИНАРА КАБИДОЛЛИНОВНА*
- *КУРМАНГАЛИЕВА АЙНАШ ЕРБОЛОВНА*
- *МЕНДЫБАЕВА ЭЛЬМИРА БОЛАТОВНА*
- *СЕЙСАПАРОВА САНДУГАШ КУРМАНБАЙҚЫЗЫ*
- *ШӘМОЕВА ГАУХАР СЕЙТХАНҚЫЗЫ*
- *УТЕУБАЕВА ГУЛНУР АЙДЫНБАЕВНА*
- *РАМАЗАНОВА САЛТАНАТ НУРБЕКОВНА*